

Интеллектуалдық меншік құқығы

Орындағандар: Сарсенғали
Д
Режапова Т
Наманжанова С
Нұржанова Т
Сәден Темірлан

Интеллектуалдық меншік құқығы деп – азаматтық және заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметінің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаның дараландыру құралдарының жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысы, қызмет өніміне ерекше мән беретін меншік құқығының бір түрі болып табылады.

Интеллектуалдық меншік құқығының объектілеріне мыналар жатады:

- Интеллектуалдық қызметтің туындылары;
- Ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- Өнер, табыс, үлгі, өндірістік үлгілер;
- Фирмалық атаулар;
- Тауарлық белгілер

Интеллектуалдық меншік объектілерін шығармашылық қызмет нәтижесі және айналым қатысушылардың даралану құралым деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесі:

- Адамның ойы, қиялы, идеясының жетістігі яғни, шығармашылық нәтижесі сонымен қатар ол тың идея түрінде ғана емес нақты өмірде материалдық сипатқа ие болуы керек.

Айналым қатысушылардың даралану құралымы:

- Азаматтық айналымға қатысушыларды, жұмыстарды, тауарларды, фирмалық атаулар, комерциялық сипаттағы заңды тұлғалардың ресми атауы болу керек.

Интеллектуалдық меншік объектісіне қатысты күнделікті қолданылып жүрген затқа, мүлікке, меншіктік құқыққа қолдануға болмайды. Оған интеллектуалдық меншіктің өзіндік табиғатының ерекшелігі мүмкіндік бермейді.

Айрықша құқық – меншік иесінің интеллектуалдық шығармашылықтың объектісін өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесі немесе дараландыру құралына *айрықша құқық* болып танылады. Оны пайдалану тек *құқық иесінің* келісімі арқылы ғана жүзеге асарылады.

Интеллектуалдық меншік объектісі уақытша пайдалану лицензиялық шарт бойынша жүзеге асырылады.

Лицензиялық шарт – интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижесі немесе дараландыру құралына айрықша құқық иеленуші тарапына (лицензиар) екінші тарап (лицензитқа) интеллектуалдық меншіктің тиісті объектісінің белгілі бір әдіспен уақытша пайдалану құқығын береді.